



010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 14  
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65  
www.prokuror.gov.kz

010000, город Нур-Султан, проспект Мәңгілік Ел, 14  
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65  
www.prokuror.gov.kz

23.10.2020 № 2-010317-20-63265

24.09.2020 жылғы 16-13-113/с

Қазақстан Республикасы  
Парламентінің  
Сенатының депутаттары  
В.В. Волковқа,  
Д.Ө. Нұржігітоваға

### Құрметті депутаттар!

Балалардың құқықтарын қорғау туралы Сіздердің депутаттық сауалыңыз қаралды.

Мемлекет басшысының а.ж. 1 қыркүйектегі Жолдауын (бұдан әрі – Жолдау) іске асыру шеңберінде балалардың қауіпсіздігін және құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету бөлігінде Бас прокуратураның мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп шаралар кешенін қабылдап жатқанын хабарлаймыз.

Жұмыс Президенттің а.ж. 14 қыркүйектегі №413 Жарлығымен бекітілген Жолдауды іске асыру жөніндегі жалпыұлттық іс-шаралар жоспарына (бұдан әрі – ЖҰЖ) сәйкес жүргізіледі.

Атап айтқанда, Ішкі істер министрлігі кәмелетке толмағандарға қатысты сексуалдық сипаттағы қылмыстар үшін қауіпсіздігі барынша жоғары мекемелерде ұстауды, тағайындалған мерзімді кешірім жасау және мерзімінен бұрын босату құқығынсыз өтеуді қоса алғанда, жазаны қатандату мақсатында заң жобасын әзірлеуді бастады (ЖҰЖ-ның 64-тармағы).

Осы норма шығармашылық жұмыстың барысында Бас прокуратура жыныстық қылмыстардың барлығы үшін жыныстық зорлық-зомбылыққа бейім адамдарды анықтауға және емдеуге бағытталған медициналық сипаттағы шараларды қолдану практикасын кеңейтуді, «педофилдерді» режимін жеңілдету құқығынсыз қауіпсіздігі барынша жоғары колонияға сөзсіз жіберуді ұсынды.

Бұдан бөлек, кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне қарсы аса ауыр қылмыстар туралы істерді алқабилер қатысатын соттардың соттылығынан алып тастау туралы мәселе талқылануда.

ЖҰЖ-да тиісті Занды қабылдаудың бақылау мерзімі а.ж. желтоқсанға белгіленген.

Әлеуметтік және құқық қорғау органдары тарапынан болған әрекетсіздік немесе салғырттық үшін қатаң жазалау шараларын қабылдай отырып, кәмелетке толмағандарға қатысты сексуалдық сипаттағы зорлық-зомбылық қылмыс туралы

әрбір істі прокуратура органдарының ерекше қадағалауына қатысты (ЖҰЖ-ның 65-тармағы, орындау мерзімі – а.ж. желтоқсан) мыналарды атап өтеміз.

Бас прокуратура осы бағытта ұйымдастырушылық-практикалық шараларды пысықтауда (прокурорлық қадағалауды жүзеге асыру кезіндегі іс-қимылдар, прокурорға лауазымды адамдардың іс-әрекеттері (әрекетсіздігі) фактілері, жәбірленушілердің дербес деректерін қорғау мәселелерін шешу және т.б. бойынша процестік шешімдер қабылдау жөніндегі міндеттерді жүктеу тәртібі жетілдірілуде).

Халықаралық нормаларды имплементациялау ЖҰЖ-ның 128-тармағына сәйкес жүргізілуде (азаматтарды, әсіресе балаларды кибербуллингтен қорғау бойынша заңнамалық шаралар қабылдауды, Хабарлар рәсіміне қатысты Балалар құқықтары туралы конвенцияға Факультативтік хаттамаға қосылуды қоса алғанда, адам құқықтарын қорғау бойынша жаңа шараларды қабылдау).

Аталған іс-шараға Білім және ғылым министрлігі жауапты орындаушы (Бас прокуратура – бірлесіп орындаушы) болып айқындалды, ол заң шығару процесін бастады. Бұл бойынша ЖҰЖ-ның бақылау мерзімі 2021 жылғы ақпанға белгіленген.

Осы жұмыс шеңберінде Еуропа Кеңесінің Балалардың құқықтарын сексуалдық қанаудан және сексуалдық зорлық-зомбылықтан қорғау жөніндегі конвенциясына қосылу туралы мәселені талқылау жоспарлануда.

Норма шығармашылық жұмыс жалғасуда.

**Қазақстан Республикасының  
Бас Прокуроры**

**Ғ. Нүрдәулетов**

*Орынд. Н. Сатвалдинова  
Тел. 30-17-09*